

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 желтоқсандағы N 1281 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 20, 219-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесінде:

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жоғары кәсіптік білім беру ұйымының филиалына берілетін лицензияның қосымшаларында мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарының әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми пәндері циклдарының көлемінде кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін оқыту мерзімдері көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Қысқа мерзімді курстар, тағылымдамалар нысанындағы және мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен және мемлекеттік үлгідегі білімі және (немесе) біліктілігі туралы құжаттар берумен аяқталмайтын басқа да оқыту түрлерінің білім беру қызметі лицензиялауға жатпайды.";

7-тармақ 5) тармақшадағы "жоспарларын" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) штаттағы оқытушылардың бар екенін растайтын құжатты;

7) меншік оқу-материалдық базасының бар екендігін растайтын құжаттарды."

;

2), 3) тармақшалардың оныншы абзацында 23-тармақтың "өз меншігіндегі немесе 1 оқу жылынан кем емес мерзімге жалға алған" деген сөздер "меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 23-1, 23-2 және 23-3-тармақтармен толықтырылсын:

"23-1. Діни оқу орындарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары:

1) даярлық бейіні бойынша жоғары діни білімі бар және діни бірлестіктер қоятын талаптарға сай келетін штаттағы оқытушылардың болуы;

2) толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққанда бір оқушыға саны кемінде 50 бірлік басылымнан келетін оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қ о р ы н ы ң б о л у ы ;

3) білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында осы құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілген санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес келетін ғимараттар мен үй-жайлардың болуы және қажетті оқу-материалдық базасының болуы;

4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру м ү м к і н д і г і н і ң б о л у ы ;

5) діни кадрлар даярлау туралы тиісті діни конфессияның қолдаухатының б о л у ы ;

б) мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің қ о р ы т ы н д ы с ы н ы ң б о л у ы .

23-2. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары:

1) қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланып, білім беру бағдарламасы пәндерінің кемінде 90 %-ын іске асыру;

2) әрбір білім алушының негізгі ақпараттық білім беру ресурстарына қол жетімділігінің және оқытушылармен өзара іс-қимылының болуы;

3) кемінде екі қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану (кейстік, желілік және ТД-технологиялар);

4) Web-сайт пен білім порталының болуы;

5) оқытуды қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланып жүргізу үшін мамандандырылған студияның болуы;

б) қашықтық технологияларын пайдаланып іске-асырылатын білім беру бағдарламаларының барлық пәндері бойынша электронды оқу-әдістемелік к е ш е н д е р д і ң б о л у ы ;

7) байланыс арналары өткізу қабілетінің қашықтықтан оқытудың техникалық және бағдарламалық құралдары жөніндегі мемлекеттік стандартының т а л а п т а р ы н а с а й б о л у ы ;

8) оқытушылар мен көмекші персоналдың қашықтықтан білім беру саласындағы біліктілігін арттыру туралы құжаттарының болуы;

9) білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті меншік, шаруашылық

жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы осы құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілген санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес келетін ғимараттар мен үй-жайлардың, ұйымдастыру техникасы мен құрал-жабдықтардың болуы және қажетті оқу-материалдық базасының болуы.

23-3. Қосымша кәсіптік білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары:

1) кадрларды даярлау бейіні бойынша жоғары білімі бар штаттағы оқытушылардың болуы;

2) мамандандырылған оқу-практикалық базасының болуы;

3) білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы осы құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілген санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес келетін ғимараттар мен үй-жайлардың болуы және қажетті оқу-материалдық базасының болуы.";

26-тармақ 2) тармақшадағы "сәйкес келмеуі" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) көрсеткіштердің біліктілік талаптарында белгіленгеннен төмендеуі.";

30-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) лицензиаттың қасақана жалған ақпарат беруі.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі